



Автор: Злиха Сембаева Асқарқызы

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 10-сынып



Бөлім: Қазақстан территориясындағы ерте мемлекеттер

Тақырып: Шыңғысхан империясы және оның мұрагерлері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	10.3.1.2 Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру; 10.3.2.4 мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуын зерттеу; 10.3.2.5 XIII -XV ғасырлардағы мемлекеттердің геосаяси белсенділігін сипаттау арқылы, олардың Еуразиядағы тарихи процестердің барысына әсер ету дәрежесін анықтау
Сабақтың мақсаты:	Қазақстанда мемлекеттіліктің қалыптасуының тарихи кезеңдерін түсіндіру
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика мен терминология: 1. «Яса» заңдар жинағы арқылы моңғол мемлекетінің идеологиясы, басқару жүйесі, әлеуметтік құрылымын талдайды (оқылым дағдысы); 2. Кешіктен - Шыңғысханның жеке басын қорғайтын жасауыл 3. Құрылтай – моңғол империясының жоғары басқару органы Диалог пен жазуға пайдалы сөздер тізбегі: Әскер, әлеуметтік, саяси жағдай, қосылу, ақсүйек, қарасүйек, заң, әскери жүйе, біріктіру.
Күтілетін нәтиже:	осы тақырыпты оқушының толығымен меңгеруі
Бағалау критерийлері:	• Моңғолдар мемлекеттік деңгейге қалайша жеткендігін біледі; • Әскери жетістіктерін біледі; • Карта бойынша саяси үдерістерді түсінеді;
Құндылықтарды дарыту:	
АКТ-ны қолдану дағдылары:	тақырып бойынша тест тапсырмаларын орындау
Пәнаралық байланыс:	
Бастапқы білім:	Қазақстан жерінде моңғол экспансиясына дейін түркі тілдес тайпалардың этносаяси бірлестігі қалыптасқанын және олардың әлеуметтік – экономикалық, саяси, мәдени жағдайын біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі. 1) Тақырып ашу. Бірнеше оқиғаларды мағынасы бойынша сәйкестендіру.  Image not found or type unknown 2) Терминдермен жұмыс. Интерактивті тақтада үш термин анықтамасымен шығарылады. Оқушылар дәптерлеріне жазып, мұғаліммен бірге мағынасын талқылайды. 3) Видео роликке анализ жасау. Шыңғыс хан туралы видео ролик қосылады. Видеороликті тыңдай отырып, зерттеу сұрақтарына жауап береді. • Моңғолия жерінде өмір сүрген тайпалар?..... • Көшпелі түркі тайпаларын өз территорияларынан ығыстырған қай мемлекет?..... • Шыңғысхан құрған мемлекет территориясы бұған дейін болған қай қағанаттың шекарасымен бір немесе ұқсас?..... • Қытайлықтар қандай сылтау айтып дала көшпенділеріне жорықтар жасады?..... • Сырдария мен Әмудария аралығындағы жерлер қай мемлекеттің қол астында болды?..... 4) Мәтінмен жұмыс. Мәтінді оқи отырып, мынандай зерттеу сұрақтарына жауап береді: 1. 1211 жылы моңғолдар Қазақстан жеріне не себепті келеді?..... 2. Күшлік хан қай мемлекеттің билеушісі болды?..... 3. Керейлер билеушісі кім болды?..... 4. XIII ғасырда Керей, Найман, Жалайыр тайпалары неліктен Қазақстанға қоңыс аударды?..... 5) Картамен жұмыс. Оқушылар картаға қарап отырып, саяси өзгерістерді біледі.  Image not found or type unknown 6) Темужін. (Шыңғыс хан) саяси портрет. Қысқаша ақпарат беріледі. 7) Мозайка. Мозайкалық суретті хат арқылы сөйлем құрастыру.  Image not found or type unknown	Шыңғысханның, моңғолдар шапқыншылығы суреттері https://www.youtube.com/watch?v=iDF_OblI3JQ
----------------------	--	--

Сабақтың ортасы	8) Видео роликке анализ жасау. Шыңғыс хан туралы видео ролик қосылады. Видеороликті тыңдай отырып, оған анализ береді. 9) Қызықты сегіздік ойыны. Интерактивті тақтада 8 сан беріледі. Оқушы кез-келген санды таңдап, санның артындағы сұрақтарға жауап береді. 5e2ea321b1765.png Image not found or type unknown 10) Моңғолдардың әскери жүйесі. Моңғолдардың әскери жүйесі мынасурет бойынша талқыланады. 5e2ea33b7d061.png Image not found or type unknown 11) Моңғолдардың атты әскерін талқылау. Моңғолдардың жеңіл және ауыр атты әскер күшін талқыланады. 12) Суретке анализ жасау. Интерактивті тақтада Шыңғыс хан және оның кешіктен жасағы туралы сурет көрсетіледі. Суретті оқушылар адамдар, нысандар, іс-әрекеттер бағанасы бойынша талдайды. 13) Кері байланыс. Моңғолдар мемлекеттілік деңгейге қалай жетті? деген сұраққа оқушылар топпен бөлініп, жауап береді.	Бейнеролик http://www.youtube.com/watch?v=WUIGow3n7CY Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. ауд. Н. Базылхан; ғыл. ред. М. Қ. Әбусейітова. Р. Б.
Сабақтың соңы (2мин)	Үй тапсырмасы. Шыңғыс хан туралы қосымша ақпарат	
Рефлексия (1мин)	Рефлексия: Бүгінгі сабақтан алған әсерім қандай?	